



Бекітемін

«Павлодар дарыны»  
БУҚБДЮ МҚКК басшысы  
Шаймұрат А.Б.

## Оқушыларды ақындық, шешендік өнерге баулитын «Ақберен» қалалық байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. 8-11 сынып оқушыларына арналған «Ақберен» қалалық байқаудың Ережесі сайыстың мақсатын, міндеттерін, өткізу мерзімін, тәртібін, анықтайды.

1.2. Байқаудың мақсаты: 8-11 сыныптар арасындағы оқушылардың гуманитарлық – эстетикалық ғылымдар саласында кәсіптік қызметін таңдауға шығармашылық қабілетті, өлең жазу, тапқыр талантын, дарындылығын ашу, олардың әмбебаптық қабілеттеріне баса ден қою (ақындық, шешендік шеберлігі, түрлі ұлттық аспапта ойнау, т.б.) шығармашылық қабілеттерін айқындау.

1.3. Сайыстың негізгі міндеттері:

- жалпы білім беру және зияткерлік білімдерді игеру, өздігінен білім алу және ол білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларына бағытталған дарынды балаларға арналған бағдарламаларын жүзеге асыру;
- шығармашылық қабілеті бар терең білімді дарынды балаларды анықтау мен мадақтау;
- бала дарындылығын дамытудағы мұғалімдер тәжірибесін тарату

### 2. Байқаудың қатысушылары

2.1. Сайысқа Павлодар қаласының жалпы білім беру мекемелерінің 8-11 сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Команда құрамына әр номинация бойынша 1 оқушыдан, барлығы 6 оқушы, 1 жетекші кіреді.

### 3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1. Байқау 6 номинация бойынша өтеді:

1. **Ақындар мүшайрасы** – номинациясы бойынша жазбаша 3 өлең ұсынады. 1 өлеңді жатқа оқып береді.

2. **Ақындар айтысы** – номинациясы бойынша ойынның тапқырлығы, сөз көркемдігі тақырыпты аша білуі, салмалық (импровизаторлық) орындаушылық шеберлігі.

3. **Шешендік өнер** – номинациясы бойынша екі оқушы қазылар алқасы тарапынан берілген тақырып бойынша алдымен өз ойларын жеткізеді (5 минут). Одан кейін бір-біріне сұрақ қойып, сұраққа жауа береді (7 минут), соның қорытындыларын айтады (3 минут). Сонымен қатар қазылар алқасы тарапынан қойылған Қазақ шешендік өнері бойынша 1 сұраққа жауап береді (мысалы: Сырым батырдың Үргенші ханымен жауаптасуы, т.б.).

4. **Ұлттық аспапта ойнау** (домбыра, қобыз, жетіген және т.б.) номинациясы бойынша қазылар алқасының ұсынған туындысын, өзінің білетін бір шығармасын орындау.

5. **Шығарма** номинациясы бойынша қазылар алқасы тарапынан ұсынылған еркін тақырыпқа шығарма жазу (3 сағат).

6. **Көркем сөз оқу** номинациясы бойынша байқауға қатысушы өзі таңдаған шығармасынан үзінді оқиды (5-7 минут).

#### **4. Байқаудың бағалау өлшемдері**

4.1. Байқауға қатысушыларды бағалау арнайы бекітілген қазылар алқасы тарапынан жүргізіледі. Жүлдегерлерді де қазылар алқасы анықтайды.

4.2. Жалпы бағалау 10 баллдық жүйемен жүзеге асырылады. Ең жоғары ұпай жинаған үміткер жүлдегер болады.

4.3. Шешендік өнер номинациясы бойынша оқушының сөз саптау мәнері, өз ойын әдеби мәліметтерді келтіре отырып дәлелдеуі және сұрақ қою және сұраққа жауап беру шеберлігі бойынша бағаланады.

4.4. Көркем сөз оқу номинациясы бойынша берліген шығарманы оқу мәнеріне көңіл аударылады.

4.5. Шығарма жазу номинациясы бойынша мазмұны, сауаттылығы, әдеби мәліметтерді орнымен пайдалану бағаланады.

4.6. Ұлттық аспапта ойнау номинациясы бойынша музыкалық сауаттылығы, орындау шеберлігі ескеріледі.

4.7. Ақындар айтысы номинациясы бойынша суырып сала білу өнері, жақсы ой айтуы көркемдігіне назар аударылады.

4.8. Ақындар мүшәйрасы номинациясы бойынша өлеңнің идеясы, құрылысы, мазмұны, тақырыбы, көркемдігі назарға алынады.

#### **5. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау**

5.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Павлодар қаласы білім беру басқармасының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.